

**М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің  
«Окуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған іс-шаралар есебі  
2021/2022 оқу жылы**

М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің «Окуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты: оқушылардың оқу мәдениеттіліктерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

Жобаны іске асыру барысында мектеп кітапханасы қорын көркем әдебиеттермен толықтырып, оқушыларға кітап оқу жұмыстарын жүргізіп отырады.

**«Тіл мерейі – ел мерейі»  
(кітап көрмесі)**

22 қыркүйек – Тіл мерекесіне орай мектеп кітапханасында «Тіл мерейі – ел мерейі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**Көрменің мақсаты:** оқушылардың өз тілдерінің дұрыс менгерулерін, ана тілінде сөйлеулерін, өз тіліне деген құрметті бағалай білулерін, топ алдында өз тілдерінде мәдениетті де еркін сөйлеулерін дағдыла айналдыру. Қазақ тіліміздің мәртебесін арттыру үшін белсенділіктерін арттыру. Ана тіліні сүюге, ана тілін ардақтауға тәрбиелу.

**Көрмеге қойылған әдебиеттер:**

1. Жұбанов Қ. Қазак тілі жөніндегі зерттеулер, - Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 256 б.
2. Махат А. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат. (мақалалар мен зерттеулер) , - Астана: « Ана тілі – ата тарих» баспа – зерттеу орталығы ХШС, 2007. – 192 бет.
3. Ұдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі, - Алматы, Фалым, 1990 . – 368 б.
4. Адырна , әдеби – көркем көпшілік журналы, маусым, 2018 ж.
5. Амренова С.К. «Тілімізді құрметтейік», «Мектептегі кітапхана», № 5,6 – 2013 ж.
6. Ахметова Г.С. «Мақтанышым – ана тілі!», № 1, 2011. – «Мектептегі кітапхана».
7. Базарбаев К. Ана тілім – айбыным, № 1, 2011. – «Мектептегі кітапхана».
8. Әлібекова Г. Ана тілі – жүрек үні, № 2, 2011, – «Мектептегі кітапхана».
9. Осман А. «Ана да, пана да болған қазағымның тілі қымбат маған, №37, 2016 ж. «Ана тілі» газеті.
10. Қурманбайұлы Ш. «Жеті жүрттың тілін біл, өз тілінде өмір сүр|» - №30, 2016 ж. – «Ана тілі» газеті.
11. Нақыл сөздер.



### **«Қазақ жырының алдаспаны» (кітап көрмесі)**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақтың ақыны Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай мектеп кітапханасында 7-8 класстардың оқушылардың қатысуымен «Қазақ жырының алдаспаны» атты кітап көрмесі үйімдастырылып шолу жасалды. Және оқушылар Қ.Аманжоловқа арнап буклет дайындалғанда.

#### **Көрменің мақсаты:**

1. Қасым аманжоловтың өмірбаяны, шығармашылығымен таныстыру, қазақ поэзиясының сөнбес жүлдемдерінің бірі екеніне қол жеткізу.
2. Еліне, Отанына, ақынға деген сүйіспеншілігін арттыру.

## **Көрмеге қойылған әдебиеттер:**

1. Оразбаева Б.Қ. «Қасым Аманжолов – от жүректі ақын» № 5 , 2011 , «Мектептегі кітапхана».
2. Байжұманова М. «Поэзия прометейі – Қасым Аманжолов», №6, 2013 , «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар».
3. Аманжолов Қ. «Таңдамалы шығармлары».
4. Аманжолов Қ. «Өзім туралы».
5. Аманжолов Қ. «Құпия қызы».
6. Аманжолов Қ. «Жамбылдың тойында».
7. Нақыл сөздер.



### **«Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты әдеби кеш**

«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы негізінде мектеп кітапханасында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына байланысты 4 «а» класс оқушыларының қатысуымен «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты әдеби кеш өтті.

Мақсаты: алғашқы ұстаз, ұлы агартушы Үбірай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығымен оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. Ұлы тарихи тұлғаны есте сактау, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу.

Оқушылар жатқа өлеңдер айтып, көрініс қойып, кеш соңында кітапханашы ақынға арналған кітап көрмесіне шолу жасады.




Сынып жетекшісі: Ж. Мамбетниязова

## **«Жусан иісі» танымдық сағат**

«Окуға құштар мектеп, окуға құштар үлт» жобасы аясында «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы мектебімізде 6 «б» класс оқушыларына С. Мұратбековтың 85 жылдығына орай, «Жусан иісі» шығармасына танымлық сағат өткізілді.

Мақсаты: әңгімені оқу мазмұнын түсіндіру, әңгімені мазмұндау арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.



Пән мұғалімі: А.Шамова

## «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы

22-ші қараша күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде «Окуға құштар мектеп, окуға құштар ұлт» жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, 1-4 класс окушылары мен ата-аналар тарапынан мектеп кітапханасына 213 әдеби кітаптары сыйфа тартылды. Осы акцияға үлес қосқан ата-аналар мектеп директоры атынан Алғыс хатпен марапатталды.





## «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы

М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде «Окуға құштар мектеп, окуға құштар ұлт» жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы жалғасын тапты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі кітапхана қорына әлем әдебиеті, қазақ прозасын қамтитын әдеби кітаптарды табысады. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына оқылу керек 30 шығарманы кітапхана қорынан алып окуға болады. «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы өзжалғасын табады.



## «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы

М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы өз жалғасын тауып, ендігі кезекте тарих бірлестігінің мұғалімдері мектеп кітапханасына тәрбиелік мәні зор кітаптар сыйға тартты. Отбасы хрестоматиясының адамды мән табуға итермелейтін, бүгінгі күнге ең қажетті құндылықтарды бойына сіңірге ықпал жасайтын «Логотерапия, балалықтан даналыққа және әлдиден эпосқа дейін» кітаптары мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыруға ұсынылды, оқырмандардың игілігіне қызмет етуге жарайтын кітаптар.



2/2





## **«Ахмет тағылымы» танымдық сағат**

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мектеп кітапханасында 5 «а» класс оқушыларының қатысуымен «Ахмет тағылымы» атты танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту.

Оқушылар жатқа өлеңдер айтып, кітап көрмесіне шолу жасалды






### **«Алтын жүрек анамыз» (кітап көрмесі)**

2022 жылдың 2 ақпан күні «Өзін өзі тану: сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндігі аясында мектеп кітапханасында «Алтын жүрек анамыз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда «Өзің өзі тану» атты балаларға рухани-адамгершілік білім беру және тәрбие беру идеясының авторы болып табылатын Сара Алпысқызы Назарбаевың қызметі туралы кітаптар ұсынылды. «Алтын жүрек анамыз» көрмесінде 5 «А» класс оқушыларына шолу жасалды. Көрменің мақсаты: Сара Алпысқызының ұлағатты ұстанымдары арқылы жас үрпактың жүргегіндегі өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, жалпы адам атаулыға деген бауырмалдық, сүйіспеншілік, махабbat, достық секілді ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.

#### **Көрмеге қойылған әдебиеттер:**

1. Назарбаева С.А. «Этика жизни»
2. Назарбаева С.А. «Путь к себе»
3. Е. Өтетілеуұлы «Әдептілік- әдемілік».
4. Ізғұттынова Р. О. «Өзін тану» .
5. Мұратханова Р. «Өзін тану» .
6. «Өзін өзі тану. Самопознание» № 6, 2019 жыл.
7. «Өзін өзі тану. Самопознание» № 2, 2019 жыл.
8. «Өзін өзі тану. Самопознание» № 3, 2019 жыл.
9. «Өзін өзі тану. Самопознание» № 7, 2016 жыл.
10. Суреттер, нақыл сөздер.




## **«Төлеген Айбергенов – жыр көшімен танысу»** (әдеби кеш)

«Оқуға құштар мектеп - окуға құштар үлт» жобасы негізінде мектеп кітапханасында ақын Төлеген Айбергеновтың 85 жылдығына орай 8 «б» класс оқушыларының қатысуымен әдеби сазды кеш өтті.

Мақсаты: қазақ халқының ірі тұлғаларының бірі Төлеген Айбергеновтың өмір жолы мен асыл мұраларын оқырман қауымға таныстыру арқылы жас ұрпақты өз Отанын сүюге тәрбиелу, туған тілге деген сүйіспеншілігін арттыру патриоттық тәрбие негіздерін қалыптастыру.

Кеш барысында ақынның өлеңдері жатқа айтылып, би билеп, ән айтып, күй тартылды.





Пән мұғалімі: Г.М. Қайроллаева

### «Кітап – рухани қазына»

(оку залының ашылуы)

Кітап - адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап окудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насхаттайды. Мағыналы сөздерден кітап окудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесін.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Окута құштар мектеп» жобасы негізінде мектебімізде оқырман залы ашылды. Оку залы – оқырманның қазіргі заманғы ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыратын электронды кітапхана, букроссинг, жеке жұмыс жасауға қолайлы орын ретінде жасақталған. Әдебиеттердің барлық саласы бойынша кітаптар мен брошюралар жинақталып, оқырманның сұранасына жауап беретін әдебиеттермен толықтырылып отырылады.

Оку залында «Кітап – рухани қазына» тақырыбында алғашқы іс-шара ұйымдастырылып, мектеп басшысы, ұстаздар қауымы тұсауын кесті.

«Әрбір адамның ең жақсы досы, өмірлік досы кітап болуы тиіс» деп занғар жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, әр адам кітапханаға білімін шындаимын деп келсе, онда ол адамның рухани бауына жол ашады.

Оқырман залының ашылуына үлес қосқан қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі бірлестігі





